

**«Қалалық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты жалпы білім беретін М.Өтемісов атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыру алқасының отырысы**

**Хаттама №1**

**Атырау қаласы**

**04.01.2018ж.**

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігінің міндетін атқарушысының 31.12.2015 жылғы №717 бұйрығының 4 тарау 64 тармағына өзгеріс енгізілген 22.02.2017 жылғы №76 бұйрығының 64 тармағына сәйкес «Қалалық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты жалпы білім беретін М.Өтемісов атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 1-4 сынып оқушылары мен жетім, жартылай жетім және аз қамтылған отбасы балаларын ыстық тағаммен қамтамасыз ету қызметі бойынша тамақтандыруды ұйымдастыру кезінде көрсетілген қызмет берушімен келісім-шарттың мерзімін ұзарту;

1. Комиссия төрайымы – Ф.М.Измагамбетова – мектеп директоры
  2. Орынбасары – Досқалиева Б- бастауыш сыныптарының оқу ісі менгерушісі
  3. Мүшесі – Қуанова Б – әлеуметтік педагог
  4. Мүшесі – Сахабиева А – ата аналар комитеті
  5. Мүшесі – Тлеумуханова А – кәсіподақ төрайымы
  6. Мүшесі – Избасарова Б – медбике
  7. Мүшесі - Өтеғалиев Н – Еркінқала ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы
- Хатшы – Қадырбекова А

**Күн тәртібі:**

1. Тамақтанатын оқушылардың санын анықтау;
2. 2017 жылғы 27 ақпанда өткізілген ашық конкурстың нәтижесімен анықталған жеке кәсіпкер «Сельбаева» Сельбаева Шолпан Танатовнамен жасалған келісім-шарттың мерзімін ұзарту мақсатында өнім берушінің жұмысына, берілген ыстық тамақтың сапасына талдау жасау

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры – Измагамбетова Фариза Мубаракқызы сөз сөйледі:

- Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігінің міндетін атқарушысының 31.12.2015 жылғы №717 бұйрығының 4 тарау 64 тармағында сәйкес, шарт тиісті қаржы жылына міндеттемелер бойынша бекітілген және қаржыландыру жоспарына сәйкес бөлінген қаражат шегінде жасалады және шартты орындау кезінде қаржы жылы шегінде өнім беруші тарапынан бұзушылықтар болмаған жағдайда көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін, бірақ кемінде екі рет ұзартылады делінген.

*А.Аманжол* *Ф.М.Измагамбетова* *Б.Қуанова* *А.Сахабиева* *А.Тлеумуханова* *Б.Избасарова* *Н.Өтеғалиев*

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» №319 Заңының «Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау» 48 бабы 5 тармағына сәйкес 2018 жылдың 8 қаңтарынан бастап 1-4 сынып оқушылары мен жетім, жартылай жетім және аз қамтылған отбасы балаларын ыстық тағаммен қамтамасыз ету жалғастырылады, осыған сәйкес оқушылардың санын анықтау үшін әлеуметтік педагогті тыңдайық.

Әлеуметтік педагог-Қуанова Бакиза

- 1-4 сыныптар арасында 235 оқушы, жетім, жартылай жетім және аз қамтылған отбасылардан 12 оқушы тамақтанады, ыстық тамақтан бас тартқан оқушы жоқ. 2017 жылғы қаржы жылында келісім шартта көрсетілген міндеттемелерді орындау кезінде ЖК «Сельбаеваға» қатысты бұзушылықтар болған жоқ. Тоқсан сайын комиссия мүшелері акт жасау арқылы тамақтың ас мәзіріне және санитарлық талаптарға сай берілуін қадағалап отырды. Ата-аналармен пікірлесу кезінде де арыз-шағымдар болған жоқ. Келісім шартты 2018 жылға 08 қаңтардан 31 желтоқсан аралығында ұзартуға ұсыныс білдіремін және осыған сәйкес өз пікірлеріңізді білдірулеріңізді сұраймын.

Бастауыш сыныптарының оқу ісі меңгерушісі – Досқалиева Баян:

- ЖК «Сельбаева» бірнеше жылдан бері мектептің балаларын тамақтандырып келе жатыр, балаларға берген тағамдарына қанағаттанамыз, егер заңға қайшы келмесе келісім шартты ұзарту керек деп ойлаймын.

Ата-аналар комитетінің төрайымы – Сахабиева Алтын:

- Жалпы ата-аналар арасында өнім беруші кәсіпкерге айтылған оң пікірлерді естіп жүрмін. Тоқсан соңында қадағалау барысында байқағаным, берілетін тағамдардың сапасы ас мәзіріне сай, тасымалмен берілетін болса да тағамдары өте дәмді, сусындары қайнатылған компот, кисель береді. Бір реттік ыдыстар қолданылып, тамақ беріліп болғанда қайта пайдаланылмай тасталынып отырады. Мен мектептің әлеуетті өнім берушісіне ризамын.

Мектеп медбикесі – Избасарова Бахтыгүл:

- ИП «Сельбаева» 2017 жылғы тамақтандыру кезінде бұзушылықтарға жол берген жоқ. Ас мәзіріне сәйкес балаларды тамақтандырып келді. Оқушылар ыстық тамаққа риза. Білім алушылардың тамақтандыру қағидасына сәйкес 2018 жылғы оқу жылына келісім шартқа ИП «Сельбаева» мен келісім-шартты ұзартуға қарсылығым жоқ..

Жиналысқа қатысушылар күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе төмендегідей **Қаулы** етеді:

1. ИП «Сельбаева» 1-4 сынып оқушылары мен жетім, жартылай жетім және аз қамтылған отбасы балаларын тамақтандыру кезінде бұзушылықтар анықталмауына байланысты 2018 жылдың 8 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейін келісім шартқа отыру үшін шақырту хат жіберілсін.

*Аманжол - Қуанова Бакиза - Әлі - Аманжол - Тұраш*

2. Шақырту хат негізінде әлеуетті өнім беруші келісімін берген жағдайда, келісім шартпен таныстырылып, екі жақты қол қойылып, келісім шарт жасақталсын.

Алқа отырысының төрайымы:

Ф. Измагамбетова

Хатшысы:

А. Кадырбекова



Султан	Ф. М. Ибрагимов
Б. Д.	Босқаишев Б. Б.
Қураев	Қурамова Б. М.
А. Сәтк	Сәткеев А.
Әмір	Әмірханова А. С.
Шығай	Шығайева Б. Б.
Татар	Татаров И. Н.